https://doi.org/10.58805/fs.V.1(32)-4

ТӨМЕН ҚҰНДЫ СУБӨНІМДЕРДЕН АЛЫНАТЫН АҚУЫЗ ГИДРОЛИЗАТТАРЫН ПІСІРІЛГЕН ШҰЖЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДА ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

А.Н. Тортай[1], Я.М. Узаков[1], И.М. Чернуха[2], М.А-А. Қалдарбекова[1]✉, Н.Қ. Абильмажинова[1], Ә.Қ. Серіков[3]

[1] Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] В. М. Горбатов атындағы азық-түлік жүйелерінің федералды ғылыми орталығы, Мәскеу, Ресей Федерациясы
[3] М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан
✉ Корреспондент-автор: m.kaldarbekova@atu.edu.kz

Ет өнімдері бағасының өсуі және төмен сұранысты жануар текті шикізаттың толық пайдаланылмауы төмен құнды субөнімдерді терең өңдеу арқылы ақуыздық ингредиенттер алудың өзектілігін арттырады. Зерттеудің мақсаты төмен құнды субөнімдерден алынатын ақуыз гидролизаттарын пісірілген шұжық технологиясында қолдануға қатысты ғылыми деректерді жүйелеу, олардың биохимиялық ерекшеліктерін және функционалдық-технологиялық әсерін талдау. Жұмыс әдеби шолу ретінде орындалып, 2010-2026 жылдар аралығында жарияланған ғылыми мақалалар, диссертациялық зерттеулер, патенттік материалдар және нормативтік-техникалық деректер талданды. Нәтижелер коллагенге бай сирақ, сіңір, шеміршек тіні және дәнекер тін фракциялары ақуыз гидролизаттарын алуға қолайлы шикізат екенін көрсетті. Ферменттік гидролиз кезінде жоғары молекулалы, нашар еритін құрылымдық ақуыздар әртүрлі молекулалық массадағы пептидтік фракцияларға ыдырайды. Бұл фракциялар пісірілген шұжықтың эмульсиялық-құрылымдық жүйесінде су байланыстыру, ылғал ұстау, май фазасын тұрақтандыру, ақуыз торының қалыптасуы және құрылымдық-механикалық қасиеттерді реттеу үдерістеріне қатыса алады. Сонымен қатар гидролизаттардың әсері олардың пептидтік профиліне, гидролиз тереңдігіне, енгізу мөлшеріне және ет матрицасының технологиялық жағдайына байланысты өзгереді. Төмен құнды субөнімдерден ақуыз гидролизаттарын алу ресурс үнемдеуге, ет өнімдерінің сапасын тұрақтандыруға және функционалдық ингредиенттер өндірісін дамытуға мүмкіндік беретін перспективалы бағыт ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: төмен құнды субөнімдер, ақуыз гидролизаты, гидролиз, ферменттік гидролиз, пісірілген шұжық, функционалдық-технологиялық қасиеттер.

ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ БЕЛКОВЫХ ГИДРОЛИЗАТОВ ИЗ МАЛОЦЕННЫХ СУБПРОДУКТОВ В ТЕХНОЛОГИИ ВАРЁНЫХ КОЛБАС

А.Н. Тортай[1], Я.М. Узаков[1], И.М. Чернуха[2], М.А-А. Калдарбекова[1]✉, Н.К. Абильмажинова[1], А.К. Сериков[3]

[1] Алматинский технологический университет,Алматы, Казахстан
[2] Федеральный научный центр пищевых систем им. В. М. Горбатова, Москва, Российская Федерация
[3] Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан
e-mail: m.kaldarbekova@atu.edu.kz

Рост цен на мясные продукты и неполное использование животного сырья с низким потребительским спросом повышают актуальность получения белковых ингредиентов путём глубокой переработки малоценных субпродуктов. Цель исследования систематизировать научные данные, связанные с применением белковых гидролизатов, полученных из низкоценных субпродуктов, в технологии варёных колбас, а также проанализировать их биохимические особенности и функционально-технологическое действие. Работа выполнена в формате литературного обзора, проанализированы научные статьи, диссертационные исследования, патентные материалы и нормативно-технические данные, опубликованные в период 2010-2026гг. Результаты показали, что коллагенсодержащие фракции, такие как путовые суставы, сухожилия, хрящевая ткань и соединительная ткань, представляют собой перспективное сырьё для получения белковых гидролизатов. При ферментативном гидролизе высокомолекулярные, малорастворимые структурные белки расщепляются на пептидные фракции с различной молекулярной массой. Эти фракции могут участвовать

в процессах связывания воды, удержания влаги, стабилизации жировой фазы, формирования белковой сетки и регулирования структурно-механических свойств в эмульсионно-структурной системе варёных колбас. Кроме того, действие гидролизатов изменяется в зависимости от их пептидного профиля, глубины гидролиза, дозировки внесения и технологических условий мясной матрицы. Получение белковых гидролизатов из малоценных субпродуктов рассматривается как перспективное направление, способствующее ресурсосбережению, стабилизации качества мясных продуктов и развитию производства функциональных ингредиентов.

Ключевые слова: малоценные субпродукты, белковый гидролизат, гидролиз, ферментативный гидролиз, варёная колбаса, функционально-технологические свойства.

PROSPECTS FOR THE APPLICATION OF PROTEIN HYDROLYSATES OBTAINED FROM LOW-VALUE BY-PRODUCTS IN COOKED SAUSAGE TECHNOLOGY

A.N. Tortai[1], Ya.M. Uzakov[1], I.M. Chernukha[2], M.A-A. Kaldarbekova[1]✉, N.K. Abilmazhinova[1], A.K. Serikov[3]

[1] Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
[2] M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan
[3] V.M. Gorbatov Federal Research Center for Food Systems, Moscow, Russian Federation
e-mail: m.kaldarbekova@atu.edu.kz

The rising prices of meat products and the incomplete utilisation of animal-derived raw materials with low consumer demand increase the relevance of obtaining protein ingredients through the deep processing of low-value by-products. The aim of the study is to systematise scientific data related to the application of protein hydrolysates obtained from low-value by-products in cooked sausage technology and to analyse their biochemical characteristics and techno-functional effects. The work was conducted as a literature review; scientific articles, dissertation studies, patent materials and regulatory and technical data published between 2010 and 2026 were analysed. The results showed that collagen-rich fractions, such as distal limb joints, tendons, cartilage tissue and connective tissue, are promising raw materials for the production of protein hydrolysates. During enzymatic hydrolysis, high-molecular-weight, poorly soluble structural proteins are cleaved into peptide fractions with different molecular weights. These fractions can participate in water binding, moisture retention, fat phase stabilisation, protein network formation and regulation of structural and mechanical properties in the emulsion-structured system of cooked sausages. In addition, the effects of hydrolysates vary depending on their peptide profile, degree of hydrolysis, inclusion level and technological conditions of the meat matrix. The production of protein hydrolysates from low-value by-products is considered a promising direction that can contribute to resource efficiency, stabilisation of meat product quality and the development of functional ingredient production.

Keywords: low-value by-products, protein hydrolysate, hydrolysis, enzymatic hydrolysis, cooked sausage, techno-functional properties.

Кіріспе. Елімізде соңғы жылдары ет және ет өнімдері бағасының өсуі ет өңдеу саласында шикізатты тиімді пайдалану мәселесін күшейте түсті. 2025 жылғы ресми түсіндірмелерде 1 кг сиыр етінің өндірістік өзіндік құны орта есеппен 2800-3100 тг аралығында қалыптасатыны көрсетілген. Мұндай жағдайда ет өнеркәсібінде тек негізгі ет шикізатына сүйену жеткіліксіз. Өндірісте толық пайдаланылмайтын төмен құнды субөнімдерді терең өңдеу арқылы ақуыздық тағамдық қоспаларға айналдыру өнімнің тағамдық құндылығын сақтай отырып, шикізатты ұтымды қолданудың өзекті жолдарының бірі ретінде қарастырылады [1].

Төмен құнды субөнімдер-технологиялық әдебиетте қолданылатын "малоценные субпродукты" терминіне сәйкес, тағамдық құндылығы, тұтынушылық сұранысы немесе технологиялық өңдеу қолайлылығы бойынша бірінші санатты субөнімдерден төмен бағаланатын мал сою өнімдерінің тобына жатады. Аталған термин ГОСТ 18157-88 «Мал сою өнімдері. Терминдер мен анықтамалар» нормативтік құжатында сипатталып, бұл топқа жылқының асқазаны, өңеші, өкпесі, сирақтары, көкбауыры, кеңірдегі, құлағы, басы, ерні, сондай-ақ қой және сиыр малынан алынатын кейбір екінші санатты субөнімдер көрсетілген [2, 3].

Елімізде төмен құнды субөнімдерді тағамдық мақсатта қайта өңдеу деңгейі әлі де жеткіліксіз болғандықтан, оларды ақуыз гидролизаттарына, ақуызды-минералды қоспаларға және функционал-

ды ингредиенттерге айналдыру ет өңдеу саласы үшін өзекті бағыт саналады. Бұл мәселе Д. А. Акимова, А. К. Какимов, Ж. С. Есимбеков, Е. С. Жарықбасов, Г. М. Тоқышева, Т. Ч. Тултабаева, Қ. Қ. Мақанғали, Я. М. Ұзақов, М. А. Қалдарбекова, И. М. Чернуха, А. Н. Тортай, Ж. М. Медеубаева және т.б. ғалымдарымыздың еңбектерінде қарастырылып, төмен құнды субөнімдерді ақуыздық ресурс ретінде бағалау қажеттілігі ғылыми тұрғыдан негізделген.

Төмен құнды субөнімдердің ішінде коллагенге бай субөнімдер ерекше технологиялық маңызға ие. Бұл топқа сірақтар, сіңірлер, шеміршекті құрылымдар, дәнекер тін, теріге жақын фракциялар және механикалық беріктігі жоғары талшықты құрылымдар жатады. Олардың негізгі ерекшелігі-құрамында коллаген, эластин және басқа құрылымдық ақуыздардың жоғары болуы. Нативті коллаген үштік спираль тәрізді тұрақты құрылымымен, суық суда төмен ерігіштігімен және ферменттерге шектеулі қолжетімділігімен сипатталады. Осы қасиеттер мұндай шикізатты тікелей тағамдық жүйелердің құрамына енгізуді қиындатады, себебі қатты дәнекер тін өнімнің нәзіктігіне, біртектілігіне және фарш жүйесінің тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін [4, 5].

Ақуыз гидролизаттарын алу үшін гидролиздің бірнеше түрі қолданылады: қышқылдық гидролиз, сілтілік гидролиз, ферменттік гидролиз, микробиологиялық немесе ферментациялық гидролиз, сондай-ақ ультрадыбыс, жоғары қысым, басқа физикалық факторлармен біріктірілген физикалық кешенді әдістер. Тағамдық мақсатта ферменттік гидролиз ерекше маңызға ие, себебі ол ақуыз молекулаларын салыстырмалы жұмсақ жағдайда ыдыратып, пептидтік фракциялардың молекулалық массасын, аминқышқылдық құрамын және функционалды қасиеттерін реттеуге мүмкіндік береді. Жалпы реакция деңгейінде гидролиз пептидтік байланыстың су қатысында үзілуімен сипатталады. Ақуыз гидролизаттарын зерттеген қазіргі шолуларда ферменттік гидролиз тағамдық ақуыздардан биоактивті және функционалды пептидтер алудың негізгі әдістерінің бірі ретінде қарастырылады [6, 7].

Пісірілген шұжық өнімдері технологиясында мұндай гидролизаттың әсерін түсіну үшін өнімді қарапайым ет өнімі ретінде емес, термоөңделген ақуыз-майлы эмульсиялық-гельдік ет жүйесі ретінде қарастыру қажет. Бұл жүйеде миофибриллярлы ақуыздар, су, май, тұз, еріген

саркоплазмалық фракциялар және енгізілген ақуыздық ингредиенттер біртұтас кеңістіктік құрылым түзеді. Термиялық өңдеу кезінде ақуыздар денатурацияланып, гельдік тор қалыптастырады; осы тор суды ұстап, май глобулаларын тұрақтандырып, дайын өнімнің консистенциясын, кесінді беріктігін, шырындылығын және шығымын анықтайды. Ақуыз гидролизатының мөлшері бұл жүйеде шешуші рөл атқарады: Отандық ғалымдардың зерттеуінде пісірілген шұжық рецептурасына ақуыз гидролизатын енгізу дайын өнімдегі ақуыз мөлшерін көбейтіп, ылғал ұстау және ылғал байланыстыру қабілеттерін ұлғайтқанын көрсеткен [8, 9].

Жұмыстың мақсаты төмен құнды субөнімдерінен алынатын ақуыз гидролизаттарының пісірілген шұжық технологиясындағы қолданылуына қатысты ғылыми деректерді негіздеу және жүйелеу, олардың алыну жолдарын, биохимиялық ерекшеліктерін, пептидтік фракциялардың функционалды-технологиялық қасиеттерін және дайын өнімнің сапалық көрсеткіштеріне ықпалын талдау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы әдеби шолу сипатындағы ғылыми зерттеу ретінде орындалды. Зерттеу материалы ретінде 2010-2026 жылдар аралығында жарияланған рецензияланған ғылыми мақалалар, шолу еңбектері, диссертациялық зерттеулер, патенттік материалдар және ет өнімдері технологиясына қатысты нормативтік-техникалық деректер қарастырылды. Негізгі назар төмен құнды субөнімдерден, әсіресе коллагенге бай жануар текті шикізаттан алынатын ақуыз гидролизаттарына, олардың биохимиялық құрамына, пептидтік фракцияларына, ферменттік гидролиз ерекшеліктеріне және пісірілген шұжық технологиясындағы функционалдық-технологиялық қасиеттеріне аударылды.

Ғылыми деректерді іздеу Scopus, Web of Science, PubMed, ScienceDirect, eLIBRARY, және Қазақстандық ғылыми журналдардың ресми платформалары арқылы жүргізілді. Іздеу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі баламалы келесідей ғылыми терминдер қолданылды-"төмен құнды субөнімдер", "ақуыз гидролизаттары", "коллагенге бай субөнімдер", "ферменттік гидролиз","пептидтік фракциялар", "пісірілген шұжық", "ет эмульсиясы", "су байланыстыру қабілеті", "эмульсия тұрақтылығы". Google Scholar қосымша іздеу құралы ретінде пайдаланылды, алайда одан алынған материалдар тек рецензияланған басылымда жарияланған немесе ресми ғылыми платформада расталған жағдайда ғана талдауға енгізілді.

Әдеби деректерді іріктеу кезінде зерттеу тақырыбына тікелей қатыстылық, жарияланымның ғылыми

сапасы, қолданылған шикізат түрі, гидролиз әдісі, алынған гидролизаттың сипаттамасы және оның ет өнімдеріндегі технологиялық әсері негізгі өлшем ретінде алынды. Талдауға төмен құнды субөнімдерді тағамдық мақсатта қайта өңдеу, ақуыз гидролизаттарын алу, пептидтердің биохимиялық қасиеттері, пісірілген шұжықтың эмульсиялық-гельдік құрылымы, ылғал ұстау қабілеті, құрылымдық-механикалық көрсеткіштері және тотығу тұрақтылығы қарастырылған еңбектер енгізілді. Жиналған деректер тақырыптық жүйелеу, салыстырмалы талдау және механизмдік түсіндіру әдістері арқылы өңделді.

Зерттеу тақырыбы бойынша биохимиялық және технологиялық үдерістерді көрнекі түрде көрсету және визализациялау мақсатында жасанды интеллект негізіндегі DALL·E (OpenAI, АҚШ) құралы қолданылды. Суреттердегі ғылыми мазмұн, терминология, сандық деректер және механизмдік түсіндірмелер авторлар тарапынан тексеріліп, ғылыми әдебиеттер негізінде нақтыланды.

Нәтижелер және талқылау. Ет өңдеу саласында мал сою кезінде негізгі өнім ретінде ұша немесе жартылай ұша алынса, оған қоса әртүрлі субөнімдер, қан, тері және өзге тағамдық емес қалдықтар түзіледі. Сондықтан субөнімдерді тек қосалқы шикізат ретінде емес, ет өңдеу саласындағы ресурстық әлеуеттің маңызды бөлігі ретінде қарастыру қажет. Субөнімдерді жіктеу бірнеше белгі бойынша жүргізіледі. Технологиялық тұрғыдан олар тағамға жарамды және тағамға жарамсыз топтарға бөлінеді. Морфологиялық құрамы бойынша жұмсақ тіндік, ет-сүйекті, шырышты, жүнді, сүйекті, қандық және майлы шикізат түрлеріне ажыратылады. Ет-сүйекті субөнімдерге бас, құйрық және сүйекпен байланысқан етті бөліктер жатады. Жүнді субөнімдер қатарына қойдың басы, құйрығы, аяқтары, сондай-ақ ірі қара мен жылқының сирақтары, еріндері және құлақтары енгізіледі Мұндай жіктеу коллагенге бай субөнімдерді бөлек шикізат ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, себебі сирақ, сіңір, шеміршек, дәнекер тін және сүйекке жақын құрылымдарда коллаген, эластин және басқа құрылымдық ақуыздар басым болады [10-12].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мал сою кезінде алынатын субөнімдердің мөлшері өте жоғары екені көрсетіледі. 2024 жылғы шолуда мал сою кезінде сүйектегі ет үлесі шамамен 45%, ал субөнімдер мен тағамдық емес шикізат үлесі 55% деңгейінде түзілетіні берілген (сурет 1). Бұл деректер ет саласында субөнімдерді қайта өңдеу мәселесі жеке технологиялық бағыт ретінде қарастырылуы тиіс екенін дәлелдейді [13].



1-сурет. Мал сою өнімдерінің құрылымы, тірі салмаққа шаққанда

1-суретте көрсетілген деректер бойынша ұсақ малдағы сүйектегі еттің үлесі ірі қара малмен салыстырғанда төмен, ал асқазан-ішек жолы мазмұны мен терінің үлесі жоғары. Бұл айырмашылық субөнімдерді қайта өңдеу технологиясын жануар түріне қарай бейімдеу қажеттігін көрсетеді.

Ғылыми зерттеулерде субөнімдер шығымының кең диапазонда өзгеруі есептеу әдісінің айырмашылығымен байланысты. Бірқатар шолуларда тағамға жарамды субөнімдер жануардың жалпы ұша массасының шамамен 10-30% бөлігін құрайтыны көрсетіледі; бұл көрсеткіш жануар түріне, жасына,

жынысына, тірі салмағына, қоңдылығына, азықтандыру жағдайына және өсіру жүйесіне тәуелді. 2022 жылғы шолуда ет өндеу саласында ірі қара малда субөнімдер үлесі 65-75%, қозы етінде 50-60%, шошқада 50-55% деңгейінде ал құс бойынша 30-40% аралығында берілген.

Зерттеулер деректерін талдап ет саласында субөнімдердің үлесі малдың тірі салмағының едәуір бөлігін құрайтынын байқауға болады, және де қәзіргі замандағы өндірістік-шикізаттық

жүйеде субөнімдер толық пайдаланылуы тиіс ресурс ретінде қарастырылуы қажет. Алайда сирақ, сіңір, және дәнекер тіндері секілді коллагенге бай төмен құнды субөнімдерді тікелей тағамдық мақсатта қолдану мүмкіндігі шектеулі және де терең технологиялық өңдеуді талап етеді [14-6].

Төмен құнды субөнімдерді гидролиздеу-күрделі құрылымды ақуыздарды су қатысында ұсақ пептидтік фракцияларға және бос аминқышқылдарына дейін ыдыратуға негізделген биохимиялық үдеріс. Ет саласында мұндай өңдеу әсіресе коллагенге бай шикізат үшін маңызды, себебі сирақ, сіңір, шемершек тіндері және дәнекер тін құрамындағы нативті коллаген тығыз талшықты құрылымымен, үштік шиыршықты кеңістіктік пішінімен және төмен ерігіштігімен ерекшеленеді. Гидролиздің негізгі мәні ақуыз молекуласындағы пептидтік байланысты үзу арқылы жоғары молекулалы, нашар еритін құрылымды төмен молекулалы, технологиялық тұрғыдан белсендірек пептидтерге айналдыру.

Биохимиялық тұрғыдан гидролиздің жалпы реакциясы пептидтік байланыстың су молекуласы қатысында ыдырауымен түсіндіріледі. Ақуыздардағы CO–NH– пептидтік байланысы үзіліп, бір фрагментте карбоксил тобы, екінші фрагментте амин тобы түзіледі. Коллагенге бай шикізатта бұл үдеріс коллагенге ғана емес, эластин, құрылымдық ақуыздар, қалдық бұлшықет ақуыздары және басқа ілеспе ақуыз фракцияларына қатар әсер етеді. Сондықтан мұндай өнімді тек "коллаген гидролизаты" деп емес, коллагенге бай субөнімдерден алынған «ақуыз гидролизаты» деп атау ғылыми тұрғыдан дәл келеді.

Өнеркәсіптік деңгейде ақуыз гидролизаттарын өндіру қышқылдық немесе сілтілік ортада, ферменттік жағдайда немесе микроағзалар арқылы ашыту нәтижесінде жүргізіледі (сурет 2). Гидролиз дәрежесі ақуыздағы үзілген пептидтік байланыстар санының жалпы пептидтік байланыстар санына қатынасы арқылы бағаланады. Бұл көрсеткіш гидролизаттың технологиялық қасиеттеріне тікелей әсер етеді: гидролиз дәрежесі төмен болса, ірі пептидтер басым болып, құрылым түзуші қасиет сақталуы мүмкін; ал гидролиз тым терең жүрсе, бос аминқышқылдары мен өте қысқа пептидтер көбейіп, дәмдік ақаулар, ащы дәм немесе өнім құрылымының әлсіреуі байқалуы ықтимал [17, 18].



2-сурет. Субөнімдер гидролизінің негізгі түрлері

Қышқылдық гидролиз кезінде ақуыздарға сутек иондары әсер етіп, пептидтік байланыстар жоғары қышқылдық ортада үзіледі. Әдістің артықшылығы үдерістің салыстырмалы қарапайымдылығы және ақуызды терең ыдырату мүмкіндігінде болып табылады. Бірақ тағамдық мақсаттағы ақуыз гидролизаттары үшін бұл әдістің шектеулері көп: қышқылдық орта кейбір аминқышқылдарының бұ-

зылуына, тұз мөлшерінің артуына, бейтараптандыру қажеттілігіне және дәмдік қасиеттердің нашарлауына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар коллагенге бай субөнімдерде ұзақ қышқылдық өңдеу құрылымдық ақуыздарды тым ұсақ фрагменттерге дейін ыдыратып, пісірілген шұжықтағы су байланыстыру немесе құрылым реттеу қасиетін төмендетуі ықтимал. Сондықтан қышқылдық гидролиз көбіне ақуызды толық ыдырату немесе арнайы дәмдік гидролизаттар алу бағытында қарастырылады, ал нақты ет өнімдерінің функционалдық-технологиялық қасиеттерін реттеуде оның қолданылуы шектеулі [19, 20].

Сілтілік гидролиз ақуыз құрылымын сілтілік ортада ыдыратуға негізделеді. Мұндай жағдайда ақуыздардың кеңістіктік құрылымы ашылып, пептидтік байланыстардың үзілуі жеңілдейді. Сілтілік орта дәнекер тіннің тығыз құрылымын әлсіретуі мүмкін, сондықтан коллагенге бай субөнімдерді бастапқы жұмсарту үшін белгілі бір технологиялық мәнге ие. Алайда ұзақ немесе күшті сілтілік өңдеу аминқышқылдық құрамның өзгеруіне, ақуыздың табиғи қасиеттерінің бұзылуына, артық тұз түзілуіне және тағамдық сапаның төмендеуіне әсер етеді [21, 22].

Ашыту (ферментация) арқылы жүретін гидролизде ақуыздарды микроағзалардың ферменттік жүйелері ыдыратады. Мұнда протеолиз бір ғана ферменттің емес, микроағзалар түзетін әртүрлі протеазалар кешенінің әсерімен жүреді. Тәсілдің артықшылығы пептидтермен қатар дәмдік қосылыстардың, органикалық қышқылдардың және кейбір биологиялық белсенді метаболиттердің түзілуі. Бірақ ет субөнімдеріне қолданғанда бұл әдіс микробиологиялық қауіпсіздік, бастапқы шикізаттың тұрақсыз құрамы, ашыту жағдайын бақылау және дайын гидролизаттың дәмдік профилі бойынша шектеулерге ие. Сондықтан ашыту арқылы алынған гидролизаттарды қолдану үшін санитариялық қауіпсіздік, тұрақты сапа және рецептуралық үйлесімділік міндетті түрде дәлелденуі қажет [23, 24].

Ферменттік гидролиз тағамдық ақуыз гидролизаттарын алу үшін ең қолайлы тәсілдердің бірі саналады, себебі ол ақуыздарды салыстырмалы жұмсақ жағдайда, белгілі бір ферменттің таңдамалы әсері арқылы ыдыратады. Әдісте протеазалар пептидтік байланыстарға әсер етіп, молекулалық массасы әртүрлі пептидтер түзеді. Фермент таңдауы, орта қышқылдығы, температура, уақыт, фермент пен субстрат арақатынасы және шикізаттың алдын ала өңделуі гидролизаттың соңғы қасиетін анықтайды. Ферменттік гидролиз сапасы бақыланатын, тағамдық бағытқа қолайлы және аминқышқылдық құрамды көбірек сақтайтын тәсіл ретінде бағаланады, бірақ фермент құны, реакция уақыты және үдеріс параметрлеріне жоғары сезімталдық оның негізгі шектеулері саналады [25].

Ет саласының ақуызға бай субөнімдері бойынша жүргізілген тәжірибелік зерттеулер ферменттік гидролиздің тиімділігін сандық тұрғыдан да дәлелдейді. Lapena және әріптестері тауық субөнімдері, шошқа-сиыр аралас субөнімдері және албырт ішкі ағзаларының ферменттік гидролизін зерттеген. Зерттеуде эндогенді ферменттер мен коммерциялық протеазалар қолданылып, гидролизаттар жалпы ақуыздың қалпына келу деңгейі, пептидтердің молекулалық массасы және аминқышқылдық құрамы бойынша сипатталған. Авторлар шошқа-сиыр аралас субөнімдері мен тауық субөнімдері үшін алкалаза немесе папаин қолдану ақуыздың қалпына келуін 90% деңгейіне дейін арттырғанын көрсеткен [26].

Коллагенге бай төмен құнды субөнімдерде гидролиздің биохимиялық ерекшелігі коллагеннің құрылымымен тікелей байланысты. Нативті коллаген үш полипептидтік тізбектен құралған үштік шиыршық түрінде болады және коллаген құрылымында глицин әр үшінші аминқышқыл қалдығы ретінде жиі қайталанады, ал пролин мен гидроксипролин үштік шиыршықтың тұрақтылығын сақтауға қатысады. Зерттеушілер Li және Wu коллаген құрамында глицин (Gly), пролин (Pro) және гидроксипролиннің (Hyp) жалпы үлесі 57% шамасында екенін көрсеткен. Зерттеу деректері сирақ, сіңір, шеміршек тіні және дәнекер тін сияқты шикізаттан алынатын гидролизаттарда Gly–Pro–Hyp, Pro–Hyp, Hyp–Gly тәрізді коллагенге тән пептидтік фрагменттердің кездесуі ықтимал екенін түсіндіреді (сурет 3).



3-сурет. Коллагеннің аминқышқылдық құрамы

Төмен құнды субөнімдерден алынатын ақуыз гидролизаттарының құрамы бастапқы шикізаттың морфологиялық табиғатына, ақуыздық құрылымына, гидролиз әдісіне, фермент түріне, өңдеу уақытына және гидролиз дәрежесіне тәуелді. López-Pedrouso және әріптестері ет және ет субөнімдерін биоактивті қосылыстардың маңызды көзі ретінде сипаттап,

мұндай шикізаттан пептидтер алуда ферменттік гидролиз бен ашытуды негізгі тәсілдердің бірі ретінде көрсетеді. Авторлар ет ақуыздары мен субөнімдерден алынатын пептидтердің тағамдық және технологиялық қолданылуы үшін олардың алыну әдісі, молекулалық массасы, құрылымы және қолдану шектеулері қатар бағалануы қажет екенін атап өткен [27, 28].

Ақуыз гидролизаты біртекті зат емес, ол молекулалық массасы әртүрлі пептидтік фракциялардан, олигопептидтерден және бос аминқышқылдарынан тұратын күрделі жүйе. Гидролиз нәтижесінде бастапқы жоғары молекулалы ақуыздар біртіндеп төмен молекулалы фрагменттерге ыдырайды. Коллагенге бай шикізатқа қатысты Al Hajj және әріптестері гидролизденген коллагеннің әдетте 3-6 кДа аралығындағы төмен молекулалы аминқышқыл тізбектерінен тұратынын көрсеткен. Пептидтік фракцияларды молекулалық масса бойынша жоғары, орташа және төмен молекулалы топтарға бөлу олардың технологиялық әрекетін түсіндіру үшін қажет. Жоғары молекулалы фракциялар бастапқы ақуыз құрылымының ірі бөліктерін сақтайды және ет матрицасында құрылым түзуге көбірек қатысуы мүмкін. Орташа молекулалы пептидтер су фазасында жақсы таралып, ақуыз-су және ақуыз-май шекарасындағы өзара әрекеттесулерге қатысуы ықтимал. Төмен молекулалы пептидтер мен бос аминқышқылдары ерігіштігімен ерекшеленеді, бірақ олар әрқашан ет өнімінің тығыз гельдік құрылымын қалыптастыра бермейді. Ramakrishnan және әріптестері тағамдық қосалқы шикізаттан алынған төмен молекулалы пептидтерді 0,3-8 кДа аралығында сипаттап, мұндай пептидтердің суда жақсы еритінін және қысқа пептидтер көбіне 2-20 аминқышқыл қалдығынан тұратынын көрсеткен [29, 30].

Гидролиз нәтижесінде ақуыздардың молекулалық массасы төмендейді, ерігіштік артады, тұтқырлық өзгереді және пептидтердің беттік белсенділігі күшеюі мүмкін. Қысқа және орташа ұзындықтағы пептидтер суда жақсы дисперсияланып, ет фаршының су фазасында таралады; кейбір пептидтер май глобулалары мен ақуыз торының шекарасында орналасып, эмульсия тұрақтылығына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар гидролизат құрамындағы амин және карбоксил топтары су молекулаларымен байланысып, ылғал ұстау қабілетінің өзгеруіне әсер етеді. Бірақ гидролиз тым терең жүрсе, ірі құрылым түзуші фрагменттер азайып, ет матрицасының беріктігі төмендеуі мүмкін. Сондықтан гидролизатта пептидтік фракциялардың молекулалық массасы мен гидролиз дәрежесі реттелуі тиіс.

Гидролиз дәрежесі пептидтік құрамды анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Гидролиз дәрежесі төмен болған жағдайда ақуыз молекуласы ішінара ғана ыдырап, гидролизат құрамында ірі пептидтік фрагменттер сақталады. Мұндай фракциялар пісірілген шұжықтың эмульсиялық-гельдік жүйесінде, яғни су, май және ақуыз фазалары жылумен өңдеу кезінде біртұтас құрылымдық торға бірігетін ет жүйесінде құрылым түзуге белгілі бір деңгейде қатысуы мүмкін. Ал гидролиз дәрежесі жоғарылаған сайын пептидтер қысқарады, бос аминқышқылдары көбейеді, ерігіштік артады, бірақ ірі ақуыздық тор түзу қабілеті төмендеуі ықтимал. Leni және әріптестері гидролиз дәрежесінің артуы ақуыз гидролизаттарының ерігіштігі мен май ұстау қабілетін жақсартқанын, бірақ эмульсия түзу қабілетін белгілі бір өңдеу уақытына дейін төмендеткенін көрсеткен (кесте 1). Бұл нәтиже гидролиз дәрежесінің тек “жоғары болғаны жақсы” деген қарапайым қағидамен бағаланбайтынын, оның нақты тағамдық жүйедегі технологиялық мақсатқа сәйкестігі маңызды екенін дәлелдейді [31, 32].

1-Кесте. Гидролиз дәрежесінің гидролизат қасиеттеріне ықпалы

Гидролиз дәрежесі	Құрамдық ерекшелігі	Ықтимал технологиялық әсері
Төмен	Ірі пептидтер мен жартылай ыдыраған ақуыз фрагменттері басым	Құрылым түзуге қатысуы мүмкін, бірақ ерігіштігі шектеулі болуы ықтимал
Орташа	Орташа молекулалы пептидтер мен қысқа пептидтер аралас болады	Су байланыстыру, эмульсия тұрақтылығы және текстураны реттеу үшін қолайлы болуы мүмкін
Жоғары	Қысқа пептидтер мен бос аминқышқылдары көбейеді	Ерігіштік артады, бірақ құрылым түзу қабілеті төмендеуі және дәмдік ақаулар пайда болуы мүмкін

Пептид ұзындығы гидролизаттың ерігіштігі мен технологиялық мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Park және Yoon ақуыз гидролизатын ультрасүзу арқылы 10 кДа-дан жоғары, 5-10 кДа, 3-5 кДа және 3 кДа-дан төмен фракцияларға бөліп, кіші молекулалы фракциялардың ерігіштігі жоғары болатынын көрсеткен. Бұл зерттеуде гидролизаттың ерігіштігі 38,84-57,35% аралығында, ал пептидтік фракциялардың ерігіштігі 31,79-61,73% аралығында болған; 3 кДа-дан төмен фракциясы барлық pH жағдайында ең жоғары ерігіштік көрсеткен, ең жоғары мәні pH 10 кезінде 61,73% болған. Сонымен қатар авторлар кіші молекулалы пептидтерде гидрофобты аминқышқылдар үлесі жоғарылағанын, бұл маймен байланысу және эмульсиялық қасиеттерге әсер етуі мүмкін екенін көрсеткен [33].

Ет жүйесі су, май және тұз қатысында қалыптасатын күрделі ақуыз-майлы жүйе болғандықтан, гидролизаттың пептидтік құрамы оның ет матрицасындағы рөлін анықтайды. Төмен молекулалы пептидтер су фазасында жақсы таралып, өнімнің ылғалдылығы мен ерігіш компоненттерінің біркелкі бөлінуіне ықпал етуі мүмкін. Орташа молекулалы пептидтер май-су шекарасында орналасып, эмульсия тұрақтылығына әсер етуі ықтимал. Ірі пептидтік фрагменттер ақуыз торының тығыздығына және құрылымдық-механикалық қасиеттерге көбірек ықпал етуі мүмкін (сурет 4). Ет жүйелерінде ақуыз гидролизаты тек ақуыз көзі ретінде емес, молекулалық массасы мен гидролиз дәрежесі реттелетін функционалдық-технологиялық ингредиент ретінде бағалануы тиіс.



4-сурет. Ақуыз гидролизатының пісірілген шұжық матрицасындағы әрекеті

Пісірілген шұжық технологиясында ақуыз гидролизатын жеке тағамдық қоспа ретінде ғана емес, ет матрицасының су, май және ақуыз фазаларымен әрекеттесетін көпқұрамды пептидтік жүйе ретінде қарастыру қажет. Мұндай өнімнің құрылымы ұсақталған ет, май, су, тұз және ақуыздық компоненттердің араласуынан қалыптасады. Жылумен өңдеу кезінде бұл жүйеде миофибриллярлы ақуыздардың денатурациясы, кеңістіктік ақуыз торының түзілуі, май тамшыларының тұрақтануы және судың тор ішінде ұсталып қалуы жүреді.

Нан және әріптестері эмульсияланған ет өнімдерінде су мен майды ұстап тұру жылумен индукцияланған гель түзілуіне және ақуыздардың май-су шекарасындағы адсорбциялық әрекетіне тәуелді екенін көрсеткен. Авторлар pH, иондық күш, аминқышқылдық құрам, май фазасының қасиеті және ақуыздар арасындағы өзара әрекеттесулер су мен майдың сақталуына әсер ететін негізгі факторлар екенін атап көрсетеді [34].

Ақуыз гидролизатын енгізу әсері алдымен пептидтік фракциялардың молекулалық массасына, гидролиз дәрежесіне және беттік белсенділігіне байланысты байқалады. Гидролиз нәтижесінде ақуыздар қысқа пептидтерге ыдырайды, олардың құрамында бос амин топтары, карбоксил топтары, гидрофильді және гидрофобты аминқышқыл қалдықтары көбейеді. Бұл топтар су молекулаларымен сутектік байла-

ныстар түзуімен, май тамшыларының бетіне адсорбцияланууы және миофибриллярлы ақуыздармен әлсіз ковалентті емес байланыстар арқылы әрекеттесуімен сипатталады. Luo және әріптестері миофибриллярлы ақуыздарды папаин, бейтарап протеаза және бромелайн арқылы гидролиздегенде барлық гидролизаттардың ерігіштігі 60%-дан жоғары болғанын, ең жоғары көрсеткіш 96,7%-ға жеткенін анықтап, гидролиздің ақуыз құрылымын ашып, су фазасында таралу қабілетін күшейтетінін көрсеткен [35, 36].

Биохимиялық деңгейде ақуыз гидролизатының ет матрицасындағы алғашқы әсері су байланыстыру қабілетімен түсіндіріледі. Пептидтер құрамындағы NH_2, –COOH, –OH, –CONH-топтары су молекулаларымен сутектік байланыстар құра алады. Бұл байланыстар ет жүйесіндегі бос судың бір бөлігін ақуыз-пептидтік торға жақын ұстайды. Гидролиз дәрежесі орташа болған жағдайда пептидтер жеткілікті түрде ериді және сонымен қатар құрылымдық әрекеттесу қабілетін сақтайды. Nunez және әріптестері гидролиз дәрежесі әртүрлі ферменттік ақуыз гидролизаттарын зерттеп, гидролиз дәрежесі 26,28% болған үлгінің ет матрицасында су ұстау қабілетін күшейткенін көрсеткен [37].

